

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1 (1) қаңтар-наурыз 2014

ISSN 2710-3994



EDU.E-HISTORY.KZ
электрондық ғылыми
журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
электронный научный журнал

2014, № 1(1)

EDU.E-HISTORY.KZ
electronic scientific journal

2014, № 1(1)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Басредактор

Әбжанов Хангелді Махмұтұлы

Редакциялық алқа:

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А. Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:

З. Теленова

Редактор:

Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:

Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова
Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан

Главный редактор

Абжанов Хангелді Махмұтович

Редакционная коллегия:

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:

З. Толенова

Редактор:

Р. Кубеев

Адрес редакции:

050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о
регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год
(в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо
обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:

Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
of the Committee of Science Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:

Abzhanov Khangeldi Makhmutovich

Editorial board:

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:

Z. Tolenova

Editor:

R. Kobeev

Editorial address:

050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ХИУА ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҚТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА

Хайрулдаева А.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан, Алматы)
PhD докторант

Аңдатпа. Мақалада ақын-жыраулар шығармашылығындағы ХVIII ғ.-ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның ортазиялық елдермен қарым-қатынастары қарастырылған. Жанқожа батыр көтерілісіне арналған тарихи жырлардан кейбір мәліметтер келтірілген. Мақала авторы берілген мағлұматтардың ерекшеліктері олардың біртұтас емес, үзінділер түрінде кездесетіндігін айтып кетеді.

Түйін сөздер: Қоқанд, Хиуа, жыраулар, ақындар, ортазиялық елдер, Қазақстан.

ОТНОШЕНИЯ КАЗАХОВ С ХИВИНСКИМ И КОКАНДСКИМ ХАНСТВАМИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА В ТВОРЧЕСТВЕ ЖЫРАУ

Хайрулдаева А.

Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан, Алматы)
PhD докторант

Аннотация. В статье рассматриваются взаимоотношения Казахстана со среднеазиатскими странами в XVIII первой половине XIX вв. в творчестве акынов и жырау. Приводятся некоторые сведения о казахско-хивинских отношениях, встречающиеся в исторических произведениях, посвященных восстанию Жанкожа батыра. Автор отмечает, что отличительной чертой данных сведений является их фрагментарность.

Ключевые слова: Казахстан, среднеазиатские страны, акыны, жырау, Хива, Коканд.

RELATIONS OF THE KAZAKHS WITH THE KHIVA AND KOKAND KHANATES IN THE FIRST HALF OF THE XIX CENTURY IN THE ART OF ZHYRAU

Khairuldaeva A.

Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov (Kazakhstan, Almaty)
PhD doctoral student

Abstract. The article examines the relationship of Kazakhstan with the Central Asian countries in the XVIII - first half of the XIX century reflected in the art of akyns and zhyraus. There adduced some information about the Kazakh-Khiva relations, which is found in historical works dedicated to the uprising of Zhankozha batyr. The author notes that the distinguishing feature of this information is its fragmentariness.

Keywords: Kazakhstan, Central Asian countries, akyns, zhyrau, Khiva, Kokand.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері осы кезеңге дейінгі дәуірлердің әлеуметтік-тарихи тәжірибесі және мәдени, рухани мұралар арқылы өткенге көз жүгірту, әр кезеңдегі мемлекеттілік тарихына жүгіну айрықша өзектілікке ие болып отыр. Өйткені ұлт тарихының кейбір кезеңдері туралы бізде әлі толық түсінік жоқ, тек кейбір фрагментті, объективті емес түсініктер қалыптасқан. Осындай әлі күнге дейін толық зерттелмеген мәселелердің арасында XVIII ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтар мен көршілес Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарының тарихын ерекше атап өтуге болады. Атап айтқанда қазіргі Өзбекстан Республикасының орнында дамыған Қоқан, Хиуа, Бұхара сияқты мемлекеттермен қарым-қатынастары. Орталық Азия аймағындағы екі ірі мемлекет Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы байланыстар тарихын зерделеудің қазіргі уақытта, яғни осы аталған екі ел арасындағы интеграциялық үдерістердің күрделі түрде өріс алуы кезеңінде ерекше маңызға ие болып отыр.

XVIII ғасырдың екінші жартысы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтар мен көршілес Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарының тарихын зерттеуде отандық авторлар еңбектерінде мүлдем айтылмаған деуге болмайды, тек әр тарихи кезеңдегі авторлар пікірлері тарихи, объективті себептерге байланысты әртүрлі сипатта зерттелген, тереңінен зерттелмей сол кезеңдегі басқа тарихи оқиғаларға қатысты үстірт айтылған кездері де болған. Сондықтан аталмыш мәселеге қатысты отандық еңбектерге тарихи шолу жасау қажеттілігі артып отыр. Маңыздылығы жағынан бірінші орынға ие шығармалардың бір тобы сол кезеңдерде өмір сүрген ақын-жыраулар шығармалары. Ақын-жыраулар сол кезеңде өмір сүргендіктен олардың еңбегі дерек ретінде маңызға ие болса, екіншіден ақын-жыраулар қазақ қоғамындағы айрықша мәртебеге ие болып, сол кезеңдерде қоғам қайраткерлерінің рөлін атқарғандықтан, олар белгілі бір саяси оқиғаларды баяндағанда өздерінің бағаларын беріп отырған.

Қазақ әдебиеті тарихында ойыпалар орныбарақындармен жыраулар шығармаларының тарихылы – біздің халық ретінде бірнеше ғасырлар бойы адамзат баласының өзге де ұлт өкілдерімен, елдермен қатар өмір сүріп келе жатқандығымызды заңдастыратын, бүгінгі қазақтар мен олардың ата-бабалары тіршілік кешкен бұлыңғыр кезеңдердің арасын жалғастырар ежелгі керуен жолы секілді ерекшелігімен қастерлі. «Жырау» сөзінің төркіні - жыр, жырлау, жырлаушы деген ұғымдармен тығыз байланысты екендігі дау тудырмайды. Бұл жөнінде академик В.В. Радловтан бастап, берідегі қазақ ғалымдарының бәрі де жазған. Жыраулық поэзия туралы алғаш іргелі зерттеу жүргізген ғалымның бірі М.Мағауин жырауды өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы ретінде таниды. Ғалымның пікірінше, жыраулар поэзиясындағы басты тақырып Қазақ хандығын құраған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту, оның жауынгерлік күшін арттыру болған [1, 128 б.].

Е. Тұрсынов жыраудың шығу тегін тарихи типологиялық тұрғыдан саралай отырып, жырау тұлғасының қызметін мына ерекшеліктеріне қарай жинақтайды:

1. Жеке румен емес, бүкіл тайпалар одағымен, хандықпен байланысты болғандығы;
2. Мемлекет істеріне, соғыс жүргізу істеріне қатысатындығы;
3. Болашақты болжап, хан мен халыққа ақыл айтып, жөн нұсқайтындығы;

4. Батырлар жырлауы мен тарихи жырларды айтып, жауынгерлердің рухын көтеретіндігі [2, 160 б.]. Яғни жыраулар қазақ қоғамының айнасы болды, қоғамда орын алған мәселелерге қатысты ой-пікірлерін, қоғамда орын алған саяси, қоғамдық оқиғаларды өз жырлары арқылы қалдырып отырған. Бірақ осы кезеңдерге дейін жыраулар мұрасы қазақ ауыз әдебиетінің мұрасы ретінде әдебиет тарихында маңызға ие болғанымен, тарихи зерттеулерде көп ескеріле бермейтін еңбектер қатарында болып келді.

Қазақ-Хиуа қатынастары туралы мәліметтерді Жанқожа батыр жайлы жырлардан табуға болады. Жанқожа батыр (1774–1860) жайында 10-нан (12 мың жол) аса тарихи жыр-дастандар шығарылып, ел арасына кең тараған. Солардың арасында Мұсабай, Нұрмағамбет, Лұқпан, Жөкей, Қарман, Нұрсұлтан, Ізжан, Орнықбай сынды ақын-жыраулардың туындыларын ерекше атаймыз [3].

XIX ғасырдағы еленбей кетуі мүмкін емес жыраулардың бірі Мұсабай жырау. Жыраудың 1840–1860 жылдар аралығындағы Сырдың төменгі саласын мекен еткен қазақ егіншілерінің тыныс тіршілігін, олардың Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған Хиуа хандығы мен Ресей отарлаушыларына қарсы азаттық күресін жырлаған "Жанқожа батырдың толғауы" атты 43 шумақтық жырының Мұсабай жырау нұсқасын Қазалы бекінісінде қызмет атқарған орыс офицері И.В.Аничков оның өз аузынан жазып алып, 1894 жылы алғаш рет С.Петербургте Н.Веселовский шығарған жинақта қазақ, орыс тілдерінде жариялаған [4, 71–82, 117–124 бб.]. Шығарма жайлы алғаш пікір білдірушілердің бірі қазақтың белгілі жазушысы, зерттеуші С. Мұқанов жырдың Аничков нұсқасы олақ деген пікір айтады [5, 109]. Дегенмен де жырдың сол кезеңдегі қазақтар мен хиуалықтар арасындағы қарым-қатынастардан мәлімет беретін дерек ретінде құндылығы аса жоғары. Жырды тарихи жыр деуге толық негіз бар, себебі шығармада есімі аталған кейіпкерлердің барлығы да өмірде болған адамдар. Мұсабай жыраудың Жанқожа батырды ерекше сыйлап, құрмет тұтқанын және оның өлімінен кейін елі үшін қызмет еткен батырдың есімін халықтың есінде сақтауды мақсат еткенін оның "Есіл ер қапияда кетті қолдан, енді батыр қазаққа Жанқожадай табылмайды" - деген сөздермен шығармасын аяқтауы дәлел болады деуге болады [4, 124 б.].

Шығармада негізінен үш оқиға: Жанқожа бастаған Сыр бойы егіншілерінің Хиуа хандығына және Ресей отарлаушыларына қарсы күресі және батырдың өлімі жырланады, яғни жырдағы негізгі тақырыптардың бірі қазақтардың Хиуа мемлекетімен қарым-қатынастарын жырлауға арналған. Мұсабай жырау өз шығармасының осы сюжеттік бөлігінде Хиуа хандығының Сыр бойында салдыртқан қамалында билік жүргізген Бабажанның жергілікті халыққа көрсеткен зорлық-зомбылықтарын: зекетшілердің тиісті деп есептелетін салықтардан тыс елдегі жас қыз, жүйрік ат, жақсы бұйымдарды қалдырмай жинап, оған оған наразы болған халықты Жанқожа батырдың інісі Ақмырзаның бастап көтеріліске шыққандығы, бірақ олардың сәтсіздікке ұшырағаны жайлы баяндалады [4, 117–124 бб.].

Жанқожа батыр туралы тарихи жырлардың ең таңдаулыларының бірі және бұрын-соңды зерттелмегені – Лұқпан Кенжеұлы жырлаған нұсқадан да қазақ-өзбек қатынастары жайлы құнды мәліметтер алуға болады.

Осыдан кейін Жанқожа
Нағыз ер болды “келсең, кел”.
Жанқожа батыр ер болды,
Ел ішінде бір болды.
Аңдып жүрген дұшманның
Жүрегіне шер болды.
Ығысқан қазақ елаты
Паналап ерді көп қонды.
Патшалық құрған іргелі
Үргеніш, Қоқан ел болды.
Елші келіп хандардан,
Қатынасы мол болды.
Атағы шығып аспанға,
Күннен-күнге зор болды.
Тыныштық болып бір заман,
Таныды батыр оң-солды.

Екі адам басы қосылса,

Жанқожа батыр сөз болды [3], – деп бір кездері қазақтар мен көршілес Орталық Азия мемлекеттері арасында арасында бейбіт, тең дәрежелі қарым-қатынастар болғанын сағына жырлайды.

Хиуалық сарттар ел билеп,

Сырдың бойын шулатқан.

Ақмырзаны өлтіріп,

Бабажан сарт суға атқан.

Бұл хабарды есітіп,

Кіші жүз болып ар тұтқан.

Жанқожа сынды батырдың

Аулында жатқан кезі еді.

Шаһар толған мал-бақта,

Ақмырзаның өлгенін

Батырға барып айтуға

Жеке батыр жол тартқан.

Асығыс жүріп, тез жетіп,

Жанқожадай батырға

Былайша деп сөз қатқан:

“Алты Алаштың ұлына

Пана болған ер едің,

Өрлеген бақыт, талаптан.

Қысымшылық қылып тұр

Бабажан сарттың әлегі:

Салық салып, мал жинап,

Қазақты жиды жан-жақтан.

Бабажанның тырнағы

Сырдағы елге тым батты.

Күннен-күнге дәуірлеп,

Озбырлық қылды Тәңір атқан” [3] деген жолдардан көршілес елдердің билеушілерінің қазақтарға тізесі батқандығы жайлы білеміз және бұл оқиғалардың барлығы дерлік шындыққа жанасады, себебі жырда аты аталған Бабажан сарт, Ақмырза есімдері Мұсабай жырау шығарамасында да аталып кеткен еді: "қаласын ортасына салып алып, Бабажан бұ қазақты зекеттеді..... Мінгені Жанқожаның қарала атты жазықсыз Ақмырзаны өлтірдің деп, көп қырды қайқы кірпік қара сартты" [4, 118 б.] деп жырлайды.

Қайыптың ұлы Жанғазы

Хан болыпты дәріпті.

Сырдарияны жағалай

Көп қаланы салыпты.

Өкім қылып осы елге,

Бабажан деген бір сарттың

Қолына берді жарлықты.

Біздің Алаш баласы

Бабажан сартқа қанықты.

Бабажанныңқорлығы

Қазақтарды налытты.

Налытқан емей немене?

Алмады қошқар, саулықты.

Үй басына салыпты

Қозыдан жорға салықты.

Меңсіз қара қозыдан,
Елде жақсы жар болса,
Елде жақсы мал болса,
Бабажан соны алыпты.
Бастан кетіп ықтияр,
Тамам қазақ тарықты.
Қазақтың тәуір әйелі

Бетіне күйе жағыпты [3], – деп хиуа билеушілерінің жергілікті басқарушыларының тізесі елге батып отырғанығын Бабажан бейнесі арқылы жеткізеді.

Осыдан түйетін пікіріміз Сыр бойы қазақтарының алғашқыда көршілес Хиуа, Қоқан хандықтарымен тату көршілік қатынастарда болғанын, бірақ XIX ғасырдың бірінші жартысында бағынышты болып, салық төлеп отырғандығын және Хиуа билеушілерінің Сыр бойында өз қамалын салдыртып, өз билеушісін отырғызғаны туралы мәліметтер бар және ол тарихи шындықпен жанасады. Мухаммед Рахим хан (1806–1825) және Аллакули хан (1825–1842) билігі кезінде Кіші жүз жерінде хиуалық билеушілер ықпалы таралған еді. Осы кезден бастап Хиуа Кіші жүздің әлсіздігін және патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатының күшеюі салдарынан қазақтардың өздерінен пана іздеген шарасыздығын, шегараның Ресей империясынан қашықтығын пайдаланып аймақтық жетекшілік рөлге ұмтылады. Хиуа билеушілері бағындыруды әскери құралдар арқылы ғана емес, салық жүйесі арқылы да күшейтуді көздейді.

Сол кезеңде Хиуа ғана емес Қоқан хандығы да қазақ жеріне өз үстемдігін жүргізген. Олар өздеріне пана бола ма деген үмітпен қараған қазақтардан жылына бірнеше реттен малдан зекет, астықтан ұшыр жинап титықтатады. Осы сөзімізге дәлел XVIII ғасыр аяғы XIX ғасыр басында өмір сүрген Жанкісі жыраудың "Қоқан ханына айтқаны" деп аталып жүрген жыры. Жанкісі Арқада туып өскен және өз заманында ділмар билердің бірі болған. XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қоқан билігіндегі Сыр бойына қоныс аударған сияқты. Ел аузында Жанкісі бидің қоқандықтар қолынан қаза тапқаны және өлім арты үлкен құн дауына ұласқаны жайлы дерек сақталған екен [6, 386 б.] Жанкісі шығармасынан сол кездегі Қоқан билігі және қазақтардың жағдайы туралы біраз мәлімет алуға болады:

Ассалаумағалейкум,
Алдияр тақсыр ханымыз!
Алдыңа келді қарашың,
Арызды қабыл алыңыз.
Өтірік болса арызым,
Мінеки сізге жанымыз.
Өзіңіз қосқан зекетші
Біздің елде Жүзбай бар.
Жүзбайдың жүрген жерінде

Жылау менен ойбай бар, [6, 124 б.] – деп сол кездегі Қоқан билеушілерінің халықтан салық жинаушылары болғанын және олардың қарапайым халыққа тізесі батқандығын көруге болады және салықтың көптеген түрлерінен қазақтардың қиналғандығы туралы білуге болады:

"Келі түбім" деп алады,
"Кеусенім" деп алады,
"Отыра зекет" деп алады,
"Құшақ зекет" деп алады.
Арқадан келген сор Найман
Аң-таң болып қалады,
Айтайын десең ұрады,

Ұрмақ түгіл қырады [6, 125 б.] деген жолдардан, Қоқан билеушілерінен пана іздеп келген Арқа қазақтарының шарасыз күйі туралы білуге болады.

Жанкісі бидің жырынан түйетініміз сол кезеңде Қазақ жерінің кейбір бөлігінің Қоқан билігіне тәуелді болғаны және жыр жолдарынан байқағандай бұл көбінесе егіншілікпен айналысатын аймақ болғандығы және пана іздеп қазақтардың басқа аймақтардан да, яғни Арқадан келгендігі, бірақ үміттері ақталмағандықтан, ел ішінде салық жинаушылар тізесі батқандықтан, Қоқан билеушісінің өзіне жүгініп, айтқан сөздері екенін көреміз.

Қазақтар арасындағы кейбір билеушілер Хиуа және Қоқан мемлекеттерінің ықпалында болып, солардан пана тауып, олардың қазақ жеріндегі билігін жүргізуге атсалысқан.

XIX ғасырдағы Базар жырау 1840 жылы бұрынғы Сырдария облысы, Қазалы уезі, Көшербай болысының 6-ауылында, Қуандарияның Шірік-Рабат деген жерінде (Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының маңайы) өмірге келген. Кіші жүздің Әлім руынан, Шөмекей [7, 11 б.] Базар жыраудың XIX ғасырдағы қазақ-хиуа қатынастарына қатысты дерек болып саналатын еңбегі «Елкей Сұлтан өлгенде айтқан көңіл қосы». Базар бұрын-соңды жарияланбаған бұл толғауында қазақ жұртының елдік, бірлік мәселесін алғашқы орынға шығарып, сол арқылы өзінің де азаматтық болмысының қаншалықты биіктігін таныта алған.

Жалпы Елкей хан туралы қазақ әдебиеті тарихында алғаш «Жанқожа батыр» жырына байланысты сөз қозғалады. Жырдың тарихи оқиғалармен қатысты шындығы мен жеке образдардың шынайы тұлғасын салыстырмалы жолмен зерттеп, зерделеген профессор Ж.Тілепов Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр» жырындағы Елікей батыр дегеніміз – Елкей Қасымов екендігін, оның 1856–1857 жылдардағы Қазалы маңында өткен Сыр егіншілерінің көтерілісін жазалауға қатысқандығын айта келе: «Елкейдің ата-тегіне байланысты Молдабай атты ақсақал ел аузындағы әңгімелерді былайша таратады: Әбілқайыр ханның Ералы атты баласынан Қасым туады. Ол жиырма бес жасында ұрыста опат болған. Әкесі өлгенде анасының құрсағында қалған Елкей Қасымұлын біздің кейбір ресми мәліметтерде Қайыпқали Есімов атты сұлтанның баласы деп жазады. Соған қарағанда оның белгілі тарихи тұлға Қайыпқалидың тәрбиесін көріп, соның перзенттерінің бірінің қатарында аталып жүруі де мүмкін» [8, 168 б.] – дейді. Ғалымның осы айтылған деректерін Базар жыраудың төменде келтірілген шежіресінде айтылады:

Арғы атаңды Ажы хан деп берілді ат,
Етелік әруағына бір мінәжәт
Бақыты асқан ардақты хан – Әбілқайыр,
Ерәлі – шынжыр қатар ежелгі зат.
Бөлекей одан кейін шықты Қасым,
Олар да болған емес дұшпанға мат.
Жас қалған атасынан батыр Елкей –
Гөзел ед артық біткен ақыл, қайрат.
Қайратын ханағаның дәріпетпекке
Сөз жолдап, Балқы Базар жаздырды хат.
Қайырлы болған, Үсен мирас сізге-

Ежелгі бақ айналған ұлы Рабат [7, 48 б.] Ал жыраудың төмендегі шумағы әдебиет зерттеушісінің соңғы болжамын растай түсетін секілді:

Серғазы, Хиуада өткен Қайып ханы,
Не тегдар аның да өткен найыбтары
Қасым, Сұлтан Темір, батыр Елкей
Заманның шыққан солар сайыбтары [7, 48 б.]

Ж. Тілеповтың мәліметінше, Елкей 1846 жылы Хиуа хандығынан Кіші жүз ханы деген атақ алып, біраз уақыт солардың ықпалында болса керек. Кейін 1851 жылы орыс өкіметіне мойынұсынғандығының арқасында Сырдағы Шөмекей руына билеуші болып жарияланады,

полковник дәрежесін алады [8, 168], яғни жоғарыда аталған жырларда берілген мәліметтерден түйетініміз, қиын-қыстау кезеңде қазақтардың көршілес бауырлас Орталық Азия патшалықтарынан көмек күткендігі және солардың қолдауы арқылы елдікті сақтауға ұмтылғандығы. Бірақ қазақтардың өз арасындағы кейбір би-сұлтандары да, өзбек билеушілері де қазақ халқының шарасыз күйін өз мүдделеріне пайдаланып, алым-салық арқылы халыққа тізесін батырып, қарапайым халықтың ашу-ызасына тиіп, азаттық күресіне шығуға мәжбүр етті. Дегенмен кейбір қазақ атқамінерлерінің бастапқыда Хиуа, Қоқан билігінің қолдауына жүгінгенімен, кейінірек олардың озбырлығына төзбей Ресей жағына өткендігін көреміз.

Қазақтардың әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени өмірі тарихи және географиялық жағынан көршілес жатқан Хиуа, Қоқан хандықтарының халқымен тығыз байланыста болған, бірақ, Орталық Азия аймағында XVIII–XIX ғасырларда орын алған геосаяси ахуал олардың қарым-қатынастарына ықпал етпей қойған жоқ және бұл өзгерістер сол кезеңдегі өмір сүрген қазақ қоғамының айнасы жыраулар шығармасынан тыс қалған жоқ.

Әдебиеттер тізімі

1. Қозыбаев М.Қ. Кеңес шыққан белес // Қозыбаев М. Тұлғалар тұғыры. – Алматы: «ҚазАқпарат», 2009. – 389-392-бб.
2. Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар / Құрастырушылар: С.О. Смағұлова, А.Т. Саурықова, А.А. Бурыбаева. – Алматы, 2005. – 11-15-бб.; Пірәлиев С.Ж. Азамат, ғалым, қайраткер // «Алаштұлғалы». Кеңес Нұрпейісұлы туралы естеліктер / Құраст.: Т. Нұрпейісов. – Алматы: «Ан Арыс», 2010. – 6-12-бб.
3. Қозыбаев М.Қ., Нұрпейіс К. Тағдыры күрделі қайсар талант // Социалистік Қазақстан. – 1989. – 18 қаңтар.
4. Дискуссия по книге Бекмаханова Е.Б. «Казахстан в 20–40 годы XIX века». Стенограмма. 14-19 июля 1948 г. – Алматы: Кенже пресс, 2009.
5. Нұрпейіс К. Қайсарлық және қасірет. Е. Бекмаханов пен оның басты кітабының жариялануы жайында // Егемен Қазақстан. – 2005. – 15 ақпан.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 5-6-бб.
7. «Тарихсыз халық тұл». Дөңгелек үстел // Жалын, 1988. – № 4. – 3-14-бб.
8. Нұрпейіс К. // Егемен Қазақстан. – 2005. – 28 қазан.

МАЗМҰНЫ

Атығаев Н. МОҒҰЛДАРДЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ (МЫРЗА МҰХАММЕД ХАЙДАРДЫҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ» МӘЛІМЕТТЕРІ БОЙЫНША).....	8
Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАШАЙ ЖӘНЕ БАЛҚАР ЭТНОСЫНЫҢ САНЫ МЕН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУЫ.....	16
Бейсенов А. САРЫАРҚА – КӨНЕ МӘДЕНИЕТ ӨЛКЕСІ.....	25
Бейсенов А., Жұмабекова Г., Базарбаева Г. САҚ ДӘУІРІНДЕГІ САРЫАРҚА ТАЙПАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ МӘДЕНИЕТІ.....	32
Белоус Г.С. О.А. ШКАПСКИЙ ХІХ ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ САЯСАТ ТУРАЛЫ.....	37
Досанова Р.Ш. Н.Ә. НАЗАРБАЕВ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ГЕНЕРАТОРЫ.....	50
Досанова Р.Ш. ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ЖӘНЕ ОНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ РЕФОРМА БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ.....	56
Есімова Ж.Қ. ТЫҢ ИГЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚОС ТІЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	60
Есімова Ж.Қ. АЛҒАШҚЫ ТЫҢ ИГЕРУШІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	74
Жеңіс Ж., А. Дияб Н. ИРАНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕН ШЫҒАНАҚ ЕЛДЕРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ РОЛІ.....	85
Жеңіс Ж., М. Атик Султан К. ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН СОҢҒЫ ИРАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА РУХАНИ-МӘДЕНИ ЫҚПАЛЫ.....	91
Иембекова М.О. СИРИЯДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТЫ РЕТТЕУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСЫ.....	97
Исламбекқызы Ж. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА 1960-ШЫ ЖЫЛДАРЫ ҚОНЫС АУДАРҒАН ОТБАСЫЛАР.....	105
Исова Л.Т. ЖАҒАҢДАНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚТЫҢ ГЕОСАЯСИ ӨЛШЕМДЕРІ.....	110
Исова Л.Т. ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢДІК ЖҮЙЕСІ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК АФРИКА МЕН ТАЯУ ШЫҒЫС МЕМЛЕКЕТТЕРІ.....	119
Исова Л.Т. СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАСЫМ- БАҒЫТТАРЫ.....	127

Калемшариев Е. «МОҢҒОЛ ҚҰПИЯ ШЕЖІРЕСІ» ЖАЗЫЛҒАН УАҚЫТЫ ЖАЙЛЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ПІКІР ТАЛАСТАРЫ.....	136
Камалов А.К., Сауданбекова Ш.Т. ҚАЗАҚТАР МЕН ЖАПОНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЫРЫМ-ТИЫМ, РӘМІЗДЕР, СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	141
Картаева Т.Е. ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ФОТОДЕРЕКТЕРДІҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	146
Қилыбаева П.Қ. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚАЗІРГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ.....	155
Қилыбаева П.Қ., Нұрсұлтанова Л.Н. ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ СУ МӘСЕЛЕСІ: САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ.....	163
Күзембаева Ә.Б., Байкушикова Г.С. ИЗРАИЛЬДІК ЛОББИЗМНІҢ АҚШ-ТЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ БАҒЫТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЫҚПАЛЫ ЖӨНІНДЕ.....	172
Күзембай С.А. АБЫЛАЙ ХАН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЗАТТЫҒЫНЫҢ СИМВОЛЫ («МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ МӘСЕЛЕСІ АЯСЫНДА).....	178
Құрманбаева Қ.С. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ АРЫЗ-ШАҒЫМДАРЫ ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ (XX ғ. 20-30 жж.).....	184
Мақашева К.Н., Сейдахметова А.А. ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АПАРТЕИД ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ САЯСАТ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ.....	189
Мақашева К.Н. ҚАЗАҚСТАН-ФРАНЦИЯ: ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕДЕ.....	199
Мейрманова Г.А., Жандыбаева С.С. ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	208
Мурзаходжаев Қ.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘДИДТІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	215
Нұрғазықызы Д. ЗИЯТ ШӘКӘРІМҰЛЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ КЕЛБЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТКЕН ФАКТОРЛАР.....	223
Рахимова А.А. СЕМЕЙ ҚЫЗДАР ПРОГИМНАЗИЯ МЕН ГИМНАЗИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (1856-1917 ж.ж.).....	231
Серікқызы А. ХІХ-ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ- АҒARTУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	243
Хайрулдаева А. ХІХ ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ХИУА ЖӘНЕ ҚОҚАН ХАНДЫҚТАРЫМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА.....	249

Хорват В.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ АРЖАН ТИПТЕС ҚОРҒАНДАРЫН ЗЕРТТЕУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ.....256

Шалагин А.В.

IV-XII ҒАСЫРЛАРДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАНДА ХРИСТИАНДЫҚТЫҢ
ЕНУІ ТУРАЛЫ ТАРИХИ КӨЗДЕРІ (КЕЙІНГІ АНТИКАЛЫҚ КЕЗЕҢ,
ОРТАҒАСЫРЛАР).....267

СОДЕРЖАНИЕ

Атыгаев Н. ИСЛАМИЗАЦИЯ МОГУЛОВ (ПО СВЕДЕНИЯМ «ТАРИХ-И РАШИДИ»МИРЗА МУХАММАД ХАЙДАРА).....	8
Бейсегулова А. ЧИСЛЕННОСТЬ И ГЕОГРАФИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАРАЧАЕВСКОГО И БАЛКАРСКОГО ЭТНОСА В КАЗАХСТАНЕ.....	16
Бейсенов А. САРЫАРҚА – КӨНЕ МӘДЕНИЕТ ӨЛКЕСІ.....	25
Бейсенов А., Джумабекова Г., Базарбаева Г. ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КУЛЬТУРА НАСЕЛЕНИЯ САРЫАРКИ В ЭПОХУ САКОВ.....	32
Белоус Г.С. О.А. ШКАПСКИЙ ОБ АГРАРНОЙ ПОЛИТИКЕ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВВ.....	37
Досанова Р.Ш. Н.А. НАЗАРБАЕВ ГЕНЕРАТОР ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ».....	50
Досанова Р.Ш. НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ "МӘҢГІЛІК ЕЛ" И ЕЕ РЕАЛИЗАЦИЯ ПО ИНСТИТУЦИОНАЛЬНОЙ РЕФОРМЕ.....	56
Есимова Ж.К. ЭТНОЯЗЫКОВЫЕ ПРОЦЕССЫ В УСЛОВИЯХ ДВУЯЗЫЧИЯ В ПЕРИОД ЦЕЛИНЫ.....	60
Есимова Ж.К. КУЛЬТУРНО-БЫТОВЫЕ УСЛОВИЯ ЖИЗНИ ПЕРВОЦЕЛИННИКОВ.....	74
Женис Ж., А. Дияб Н. РОЛЬ ИРАНА В ОТНОШЕНИЯХ КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ЗАЛИВА: ИСТОРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	85
Женис Ж., М. Атик Султан К. ДУХОВНО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЛИЯНИЕ ИРАНА В КАЗАХСТАН ПОСЛЕ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	91
Иембекова М.О. ДИПЛОМАТИЧЕСКОЕ УРЕГУЛИРОВАНИЕ КОНФЛИКТА В СИРИИ И УЧАСТИЕ В НЕМ КАЗАХСТАНА.....	97
Исламбеккызы Ж. ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ В ДЖАЛАГАШСКИЙ РАЙОН КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1960 ГОДАХ.....	105
Исова Л.Т. ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ИЗМЕРЕНИЯ ЕВРАЗИЙСТВА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ.....	110
Исова Л.Т. ГОСУДАРСТВА СЕВЕРНОЙ АФРИКИ И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА НАКАНУНЕ НОВОЙ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ.....	119
Исова Л.Т. СЫРТҚЫ САЯСАТТАҒЫ ҚАЗАҚ-МОҢҒОЛ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ БАСЫМ-БАҒЫТТАРЫ.....	127

Калемшариев Е. ТЕОРИИ УЧЁНЫХ О ВРЕМЕНИ СОСЛОВИЯ «СОКРОВЕННОГО СКАЗАНИЯ МОНГОЛОВ».....	136
Камалов А.К., Сауданбекова Ш.Т. СУЕВЕРИЯ И ОБЫЧАЙ В НАЦИОНАЛЬНОМ МИРОВОЗРЕНИИ КАЗАХОВ И ЯПОНЦЕВ. СЕМИОТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	141
Картаева Т.Е. ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЯ ФОТОИСТОЧНИКОВ В ИСТОРИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ.....	146
Килыбаева П.К. МЕЖКУЛЬТУРНОЕ РАЗВИТИЕ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ.....	155
Килыбаева П.К., Нурсултанова Л.Н. ПРОБЛЕМА ВОДНЫХ РЕСУРСОВ В РЕГИОНЕ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЦИАЛЬНО- ЭКОНОМИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ.....	163
Кузембаева А.Б., Байкушикова Г.С. К ВОПРОСУ О ВЛИЯНИЕ ИЗРАИЛЬСКОГО ЛОББИ В ФОРМИРОВАНИИ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОГО КУРСА США.....	172
Кузембай С.А. АБЛАЙ ХАН – СИМВОЛ СВОБОДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА (К ПРОБЛЕМЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»).....	178
Курманбаева К.С. ЖАЛОБЫ-ЗАЯВЛЕНИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ КАК ИСТОРИЧЕСКИЙ ИСТОЧНИК (20-30-ЕГ. XX В.).....	184
Макашева К.Н., Сейдахметова А.А. К ВОПРОСУ ПОЛИТИКИ ЮЖНО-АФРИКАНСКОЙ РЕСПУБЛИКИ В УСЛОВИЯХ АПАРТЕИДА.....	189
Макашева К.Н. КАЗАХСТАН-ФРАНЦИЯ: К ВОПРОСУ О СТРАТЕГИЧЕСКОМ ПАРТНЕРСТВЕ В XXI ВЕКЕ.....	199
Мейрманова Г.А., Жандыбаева С.С. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОЛЕВОЙ ЭТНОГРАФИИ.....	208
Мурзаходжаев К.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ДЖАДИДСКОГО ДВИЖЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ.....	215
Нургазы Д. ФАКТОРЫ, ПОВЛИЯВШИЕ НА ФОРМИРОВАНИЕ ЛИЧНОСТИ ЗИЯТА ШАКАРИМУЛЫ.....	223
Рахимова А.А. ИЗ ИСТОРИИ СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ЖЕНСКАЯ ПРОГИМНАЗИИ И ГИМНАЗИИ (1856 – 1917 ГГ.).....	231
Сериккызы А. НАУЧНАЯ И КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ XIX-XX ВЕКА.....	243
Хайрулдаева А. ОТНОШЕНИЯ КАЗАХОВ С ХИВИНСКИМ И КОКАНДСКИМ ХАНСТВАМИ В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА В ТВОРЧЕСТВЕ ЖЫРАУ.....	249
Хорват В. ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КУРГАНОВ АРЖАНСКОГО ТИПА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	256

Шалагин А.В.

ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ ПО ВОПРОСУ ПРОНИКНОВЕНИЯ ХРИСТИАНСТВА В
ЦЕНТРАЛЬНУЮ АЗИЮ И В КАЗАХСТАН В IV-XII ВЕКАХ (ПОЗДНЯЯ АНТИКА,
СРЕДНИЕ ВЕКА).....267

CONTENTS

Atygaev N. THE ISLAMIZATION OF MOGHULS (ACCORDING TO MIRZA MUHAMMAD HAIDAR'S «TARIKH-I RASHIDI»)	8
Beysegulova A. NUMBER AND GEOGRAPHICAL LOCATION OF KARACHAY AND BALKAR ETHNIC GROUPS IN KAZAKHSTAN	16
Beisenov A. SARYARKA - LAND OF ANCIENT CULTURE	25
Beisenov A., Jumabekova G., Bazarbayeva G. THE ART OF THE SARYARKA IN THE SAKA EPOCH	32
Belous G.S. O.A. SHKAPSKY ABOUT AGRARIAN POLICY IN THE KAZAKH STEPPE AT THE END OF XIX – THE BEGINNING OF THE XXTH CENTURIES	37
Dosanova Sh.R. N.A. NAZARBAYEV GENERATOR OF THE IDEA "MANGILIK EL"	50
Dosanova Sh.R. THE NATIONAL IDEA "MANGILIK EL" AND ITS IMPLEMENTATION ON INSTITUTIONAL REFORM	56
Esimova K.Zh. ETHNO-LINGUISTIC PROCESSES IN THE CONDITIONS OF BILING IN THE PERIOD OF GOALINE	60
Esimova K.Zh. CULTURAL-CONDITIONAL CONDITIONS OF LIFE OF THE FIRST CHERRES	74
Zhengis Zh., A. Dyab N. THE ROLE OF IRAN IN RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE GULF COUNTRIES: HISTORICAL ANALYSIS	85
Zhengis Zh., M. Atik Sultan K. SPIRITUAL-CULTURAL INFLUENCE OF IRAN TO KAZAKHSTAN AFTER PURCHASING INDEPENDENCE	91
Iembekova M.O. DIPLOMATIC SETTLEMENT OF THE CONFLICT IN SYRIA AND THE PARTICIPATION OF KAZAKHSTAN	97
Islambekkyzy Zh. SETTLERS IN THE DZHALAGASH REGION OF THE KYZYLORDA IN THE 1960TH YEARS	105
Issova T.L. GEOPOLITICAL MEASUREMENTS OF EURASIANS' IN THE CONDITIONS OF GLOBALIZATION	110
Issova T.L. THE STATES OF NORTH AFRICA AND THE MIDDLE EAST ON THE EVE OF NEW PERIODIC SYSTEM OF THE MODERN INTERNATIONAL RELATIONS	119
Issova T.L. PRIORITY THE DIRECTIONS OF THE KAZAKH-MONGOLIAN RELATIONS IN FOREIGN POLICY	127
Kalemshariv Y. SCIENTISTS THEORIES ON THE TIME OF COMPOSITION OF THE "SECRET HISTORY OF MONGOLS"	136

Kamalov A.K., Saudanbekov Sh.T.	
THE RITUAL CULTURE OF KAZAKH AND JAPANESE IN NATIONAL WOLDVIEWS. SEMIOTIC ANALYZE.....	141
Kartaeva E.T.	
HISTORICAL AND CULTURAL SIGNIFICANCE OF PHOTOGRAPHIC SOURCES IN HISTORICAL RESEARCH.....	146
Kilybaeva P.K.	
INTERCULTURAL DEVELOPMENT IN CENTRAL ASIA AT THE PRESENT STAGE.....	155
Kilybaeva P.K., Nursultanova L.N.	
THE PROBLEM OF WATER RESOURCES IN CENTRAL ASIAN REGION: SOCIO-ECONOMIC ASPECTS.....	163
Kuzembayeva B.A., Baikushikova S.G.	
INFLUENCE OF THE ISRAEL LOBBY IN SHAPING US FOREIGN POLICY.....	172
Kuzembay S.A.	
ABLAI KHAN - A SYMBOL OF FREEDOM OF THE KAZAKH PEOPLE(TO THE PROBLEM OF NATIONAL IDEA "MANGILIK EL").....	178
Kurmanbayeva S.K.	
COMPLAINTS-APPLICATIONS OF POLITICAL REPRESSION AS A HISTORICAL SOURCE(20-30YEARS OF XX CENTURY).....	184
Makasheva N.K., Seidakhmetova A.A.	
TO THE QUESTION OF THE POLICY OF THE SOUTH AFRICAN REPUBLIC IN THE CONDITIONS OF APARTHEID.....	189
Makasheva N.K.	
KAZAKHSTAN-FRANCE: TO A QUESTION OF STRATEGIC PARTNERSHIP IN XXI A CENTURY.....	199
Meirmanova A.G., Zhandibaeva S.S.	
RELEVANCE AGAINST CYBERCRIME.....	208
Murzakhodzhaev M.K.	
HISTORIOGRAPHY OF THE JADID`S MOVEMENT IN KAZAKHSTAN.....	215
Nurgazy D.	
THE FACTORS THAT AFFECTED THE FORMATION OF ZIYAT SHAKARIMULY`S PERSONALITY.....	223
Rakhimova A.A.	
FROM THE HISTORY OF THE SEMIPALATINSK FEMALE PROGYMNASIUM AND GYMNASIUM (1856 – 1917).....	231
Serikqyzy A.	
SCIENTIFIC AND CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS OF THE XIX-XX CENTURY.....	243
Khairuldaeva A.	
RELATIONS OF THE KAZAKHS WITH THE KHIVA AND KOKAND KHANATES IN THE FIRST HALF OF THE XIX CENTURY IN THE ART OF ZHYRAU.....	249
Horvath V.	
PROBLEMS OF THE RESEARCH OF THE KURGANS OF ARZHAN-TYPE OF CENTRAL ASIA.....	256
Shalagin A.B.	
HISTORICAL SOURCES ON THE PENETRATION OF CHRISTIANITY INTO CENTRAL ASIA AND KAZAKHSTAN IN THE IV-XII CENTURIES (LATE ANTIQUITY, MIDDLE AGES).....	267

EDU.E-HISTORY.KZ

Электрондық ғылыми журналы

2014. 1 (1)

Бас редактор: Әбжанов Х.М.

Компьютерде беттеген: Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.03.2014.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 22,9.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй